КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 20 желтоқсан іс №1013-24-00-2/2930 Семей қаласы

Абай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судьясы С.Ш. Туратпаев,
қойылған талап қою бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Абай облысы Семей қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Теплокоммунэнерго» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер Рысжан Саякова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы;
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Абай облысы Семей қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Теплокоммунэнерго» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорның дара кәсіпкер Рысжан Саякованы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер Рысжан Саякова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Дара кәсіпкер Рысжан Саяковадан «Абай облысы Семей қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесінің

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

шаруашылық жүргізу құқығындағы «Теплокоммунэнерго» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорның пайдасына 34 344 (отыз төрт мың үш жүз қырық төрт) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Дара кәсіпкер Рысжан Саяковадан мемлекет пайдасына 2876 (екі мың сегіз жүз жетпіс алты) теңге мемлекеттік бажы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге наразы тарап осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін Абай облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Абай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы бір ай мерзімде апелляциялық шағым беруі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **С.Ш.Туратпаев**

Құжатқа қол қойылған: Туратпаев С. Ш., 20.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 29.01.2025, судья Туратпаев С. Ш., 29.01.2025

1013-24-3-1/2912